

ҚҰДАЙДЫҢ СӨЗІ

Еммаус кітабы

Барлық құқықтар авторлардың құқықтары туралы халықаралық заңмен бекітілген.

Кітаптың мазмұны мен мұқабасын автордың жазбалай рұқсатынсыз толықтай немесе ішінара кез келген түрде көшіріп қолдануға болмайды.

© 2000, «Духовная свобода», Мәскеу қаласы.

ЕММАУС КУРСТАРЫ

Киелі кітапты хат арқылы сырттай оқып-үйренуге арналған Еммаус курстарына енді Орталық Азияда да жазылуға болады. Киелі кітапты оқып білу үшін Еммаус курстарын қолданып жатқан миллиондаған адамдардың қатарына сіз де қосылыңыз.

ШОЛУ

- ✧ Еммаус курстарының негізі 1942 жылы Канадада қаланды.
- ✧ Олар әлемнің 105 елінде, 125 тілде оқылады.
- ✧ Дүние жүзі бойынша 17 миллионнан астам оқулық таратылды.

Бұл курстарды әр түрлі жолдармен қолдануға болады:

- ✧ жеке басы оқып-үйрену
- ✧ топпен оқып-үйрену
- ✧ үй қауымында оқып-үйрену
- ✧ бір оқушы-бір тәлімгер болып оқып-үйрену
- ✧ түрмедегі топтарда оқып-үйрену
- ✧ және т.б.

Еммаус курстарына әр түрлі адамдар жазыла алады, мысалы:

- ✧ студенттер
- ✧ жұмыскерлер
- ✧ кәсіби мамандар
- ✧ үй шаруасындағы әйелдер
- ✧ зейнеткерлер
- ✧ жастар

▲ және т.б.

Әрбір оқулыққа тексеру дәптері қоса беріледі. Оқулықт он екі сабақ пен тексеру жұмысынан тұрады. Әрбір тексеру дәптерінде оқылған тақырып бойынша жауап берілуге тиісті 12 сұрақ бар.

Жауаптар қажетінше түзетіліп, оқып-үйренушіге кері қайтарылады.

Мына мекенжаймен байланысыңыз:

Шығыс сәулесі

«Еммаус»

Қазақстан Республикасы

Алматы қаласы 050031, а/ж 68

www.emmaus-ca.net

e-mail: emmaus.ca@email.org

Құдай біздің әлемге келгенде

Сабақ жоспары:

1. Жохан жазған Ізгі хабардың 1-тарауының 1-18 аяттарын оқыңыз.
2. Тараудың мәтінін мұқият оқып шығыңыз.
3. №1 жұмыс дәрттерінің сұрақтарына жауап беріңіз.

Бұл кітапта Жохан Мәсіх Иса туралы жазған. Құдайдың рухани Ұлы адамдарға Әкесі туралы айту үшін жер бетіне келді. Мәсіхті Құдайдың Сөзі деп атайды, өйткені Құдай Ол арқылы бізге Сөзін арнайды. Мәсіхті тыңдағанда біз Құдайдың Сөзін естиміз. Сөз Құдайдың рухани Ұлы деп те аталады.

Құдайдың Сөзі жер бетіне келердің алдында (1:1-5)

Әлемнің қашан жаратылғаны бізге белгісіз. Ол әуел баста болған. Әлем жаратылмас бұрын да Сөз (Мәсіх), Құдаймен бірге болған. Әуел бастан-ақ Ол, Сөз Құдай болған. Құдайды ешкім жаратпаған. Оның бастауы жоқ. Құдай Өзінің рухани Ұлын жаратқан жоқ. Әуел баста Құдай болған Сөз Құдайдың рухани Ұлы деп те аталады. Біздің айналамызды қоршағандардың бәрін Құдай жаратты. Көзге көрінетін және көрінбейтіндердің бәрін Ол жаратты. Құдай - Ұл бәрін де жаратты. «Құдай бәрін Сөз арқылы жаратқан, жаратылған ештеңе де Онсыз пайда болмаған» (1:3).

Сонымен Құдай Өзінің рухани Ұлын жаратқан жоқ, бірақ жаратылғандардың бәрін де Оның рухани Ұлы жаратты. Сөз Нұр деп те аталады, өйткені Ол Құдайға апаратын шынайы жолды көрсетеді.

Құдайдың Сөзі біздің әлемге қашан келді (1:6-18)

Ұлы Патша сапарға шықпас бұрын Өзінің келе жатқанын адамдарға жариялап хабарлау үшін алдынан қызметшісін жібереді. Сондықтан да Құдай Өзінің Сөзін осы әлемге жібергенде алдымен Жақия пайғамбарға халықты соған дайындауға тапсырма берді (1-6). Жақия пайғамбар шынайы Нұр емес еді, бірақ ол барлық адамдарды өзінің куәлігі арқылы Нұрға сендіру үшін келді.

Құдайдың рухани Ұлы Мәсіх әлемді жаратты. Алайда Ол осы әлемге келгенде Өзі таңдап алған халқы Оны кұшақ жайып қарсы алған жоқ. Ал Оны қабылдағандар Құдайдың рухани балаларына айналды. Киелі Рухтан қайта туылып, Құдайдың рухани ұлы болу үшін сізге Мәсіхті қабылдау, яғни Оның атына сенім арту қажет. «Бірақ Оны қабылдап, Оған сенім артқандардың бәрін Ол Құдайдың рухани балалары болуға құқықты етті» (1:12). Егер сіздің әкеңіз Құдайдың рухани баласы болса, бұл жайт сіздің өзіңізді де сондай ете алмайды. Сіз өзіңізді Құдайдың рухани баласы ете алмайсыз. Басқа ешбір адам да сізді Құдайдың рухани баласы ете алмайды.

Исаның шәкірттері

Сабақ жоспары:

1. Жохан жазған Ізгі хабардың 1:19-2:25 аяттарын оқыңыз.
2. Сабақ материалын мұқият оқып шығыңыз.
3. №2 жұмыс дәптерінің сұрақтарына жауап беріңіз.

Бірінші тараудан біз Мәсіх Исаның Құдайдың рухани Ұлы екенін білдік. Ол сондай-ақ Құдайдың Сөзі және Нұр деп те аталады. Оны қабылдап, Оған сенім артқаныңызда, сіз Құдайдың рухани баласына айналасыз.

Жақия пайғамбар халыққа Мәсіх туралы хабарлайды (1:19-34)

Сонау Иерусалимнің өзінен адамдар Жақияға оның Мәсіх емес пе екенін білуге келді. Жақия: «Мен айдалада шығатын жар салған дауыспын», — деп жауап берді (1:23). Ол өзінің Мәсіх туралы хабарлауға келгенін айтты. Келесі күні Мәсіхті көргенде, Жақия халыққа: «Қараңдар! Мынау Құдайдың құрбандыққа жіберген «Тоқтысы!» Ол адамзаттың күнәсін өз мойнына алып, сол үшін жанын қияды», — деді (1:29). Өзгелердің күнәларын өз мойнына алу үшін Мәсіх тоқты іспетті өлуге тиіс болды. Күнәларымызға бола біздің өлмеуіміз үшін Ол Өзінің өмірін қиды. Сондықтан да Жақия Оны Құдайдың құрбандыққа жіберген Тоқтысы деп атады. Жақия Исаның Құдайдың рухани Ұлы екенін білді (1:34).

Мәсіхтің алғашқы шәкірттері (1:35-51)

Жақия Иса адамдарды күнәларынан құтқара алады дегенде, Оның кейбір шәкірттері Исаның соңынан ерді. Иса оларды қуана қабылдады (1:39). Олардың біреуінің аты Әндір еді. Ол Мәсіх туралы ағасы Петірге айтып берді. Келесі күні Иса Філіпке тап болып, оған: «Менің шәкіртім болып, соңымнан ер!» деді (1:43). Філіп Натанайылды тауып алып, өздерінің Исаны тапқандарын айтты. Натанайыл Исаны Құдайдың рухани Ұлы және Израилдің Патшасы деп мойындады. Осы адамдардың барлығы Мәсіхтің даусын естіп, Оның соңынан ерді. Олар Құдайдың рухани балаларына айналды.

Алғашқы керемет (2-тарау)

Иса, Оның шешесі Мәриям мен шәкірттері Қана қаласындағы бір үйлену тойына шақырылды. Сонда Иса суды шарапқа айналдырды. Мәриям қызметшілерге Ол не айтса, соны істеуге тапсырды (2:5). Шәкірттері Өзінің Құдайдың рухани Ұлы екенін көрулері үшін Иса керемет жасады. Кейінірек Ол көптеген басқа да кереметтер жасады.

Содан кейін Иса Иерусалимдегі ғибадатханаға барып, Құдайдың киелі үйінде сауда-саттықпен айналысқан күнәкарлардың бәрін, одан қуып шықты. Сол жерде Ол Өзінің өліп, содан кейін қайта тірілетіні жайлы айтты. Оның жасаған кереметтерін көрген көптеген адамдар Мәсіхке сенді (2:23). Иса барлық адамдардың жүректерін көреді. Мәсіхке Құдайдың рухани Ұлы және құрбандық Тоқтысы ретінде шын жүректен сенім артсаңыз, Ол сізді Өзіне қабылдайды. Сонда сіз Құдайдың рухани баласына айналасыз.

Әділ адам және күнәкар әйел

Сабақ жоспары:

1. Жохан жазған Ізгі хабардың 3-4 тарауларын оқыңыз.
2. Сабақ материалын мұқият оқып шығыңыз.
3. №3 жұмыс дәптерінің сұрақтарына жауап беріңіз.

Құдайдың рухани Ұлы осы әлемге адамдарды құтқару үшін келді. Ол Өзін Құдайдың жібергенін барлығы да көрсін деп керемет белгілерді көрсетті. Иса халыққа Құдайдың сүйіспеншілігін және құтқарылу жолын ашып білдірді.

Яһудилердің ұстазы (3-тарау)

Нікөдем әділ өмір сүруге тырысты. Ол яһуди халқының дін мұғалімі әрі басшысы болатын. Нікөдем ұдайы Құдайға мінажат етіп сиынып, жарлыларға садақа беретін. Ол осылайша Құдайға жақындаймын деп есептеді. Алайда Құдайдың рухани Ұлы Иса былай деді: «...Кімдекім қайтадан туылмаса, Құдайдың Патшалығына кіре алмайды!» (3:3).

Адам Мәсіхке сеніп, Оны Құтқарушым деп қабылдағанда Құдайдың рухани баласына айналады деп біз айтып кеткен едік. Бұл Киелі Рухтан туылу немесе қайта туылу деп аталады. Өйткені бұл адамның алғашқы, яки тәндік туылуынан кейін болады.

Иса өзіне Құдайдың сүйіспеншілігі жайлы айтып бергенше, Нікөдем мұны тіпті түсіне алмай қойды.

3:16 аятта былай делінген: «Өйткені Құдай адамзатты сондай қатты сүйгендіктен, Өзінің жалғыз рухани Ұлын құрбандыққа берді. Енді Оған сенуші әркім жаны тозаққа түспей, мәңгілік өмірге ие болады». Біз өзіміздің істеген игі істерімізге қарамастан Киелі Рухтан қайта туылуға мұқтажбыз. Құдай сізді сүйеді, сіздің мәңгілік өмірге ие болуыңыз үшін Ол Өзінің рухани ұлын берді. Сізге тек Оған сеніп, Оны Құтқарушым деп қабылдасаңыз болғаны.

Жақия халықты өзіне ертіп жүруге шақырған жоқ. Ол Мәсіхтің беделі артып даңқталғанын қалады: «Әкесі рухани Ұлын сүйіп, Оның қолына бар билікті тапсырған. Құдайдың рухани Ұлына сенушілер мәңгілік өмірге ие. Ал Оны тыңдамағандар шынайы өмірді көрмей, Құдайдың төніп тұрған қаһарына ұшырайды» (3:35-36).

Күнәкар әйелдің Мәсіх жолына түсуі (4 тарау)

Никөдеммен болған әңгімеден кейін Мәсіх Самарияға аттанды. Жол жүріп шаршаған Ол Өзіне кездескен әйелден су сұрады. Әйел онша ашық жарқын болмаса да, Иса оған тірі, «Өмір суын» бере алатынын айтты. Әйелдің сол суды алғысы келді, алайда оған алдымен өзінің күнәкар екенін жете ұғынуына тура келді (4:18). Тәубаға келмей тұрып ешкім де Құдайдан көмек сұрай алмайды. Иса әйелге Өзінің Мәсіх екенін ашқан кезде, өзін бақытты сезінген әйел бұл туралы жұртқа айту үшін дереу қалаға қайтты (4:28). Иса да бақытты еді, өйткені Ол осы күнәкар әйелге өмір сыйлаған болатын (4:34).

Бір адам ауру ұлын сауықтыру үшін Исаны үйіне келуге шақырды (4:47). Иса оған қуана көмектесті. Құдайдың рухани Ұлы барлық адамдарды сүйеді, Ол барлығының құтқарыла алуы үшін Өз өмірін қиды. Ал сіз өзіңіз рухани қайта туылдыңыз ба? Өмір суын алғыңыз келе ме?

Мәсіх Өзінің халқына көмектеседі

Сабақ жоспары:

1. Жохан жазған Ізгі хабардың 5-6 тарауларын оқыңыз.
2. Сабақтың мәтінін мұқият оқып шығыңыз.
3. №4 жұмыс дәптерінің сұрақтарына жауап беріңіз.

Біз Құдайдың рухани Ұлының Әкесінің еркін орындау үшін осы әлемге келгенін білдік. Құдай барлық адамды сүйеді, сондықтан Иса адамдарға көмектесті. Бұл сабақта біз Оның отыз сегіз жыл бойы азап шегіп қиналған ауру адамды сауықтырғаны және бес мың адамды тамақтандырғаны жайлы айтамыз.

Ауру адамның сауықтырылуы (5-тарау)

Бетезда хауызының төңірегінде көптеген ауру адамдар суға түсіп, сауығып кетулерінің сәтін күтіп жататын. Солардың арасында ұзақ уақыт, отыз сегіз жыл бойы сауығуын күтіп жатқан бір адам бар еді, бірақ оған ешкім көмектеспейтін. Тек Құдайдың рухани Ұлы ғана оған орнынан тұрып, төсегін алып, жүріп кетуіне күш берді. Сауыққан адамның қуанышында шек болмады, алайда яһудилер бұған наразыланды. Себебі Иса сол адамды діни демалыс күні сауықтырған еді. Таурат заңы бойынша адамдар діни демалыс күні тынығуға тиіс болатын, бірақ Құдайдың рухани Ұлы игі істерді кез келген уақытта істей берді. Иса Әкесінің жасап жатқанын Өзінің де дәл солай жасайтынын айтты (5:19). Әкесі Өзінің рухани Ұлын сүйеді және Оған өлгендерді қайта тірілту және адамдарды

соттау құқығын береді.

Жақия Мәсіх жайлы шындықтың куәсі болды (5:33). Мәсіхтің өз істері Оның Құдайдың рухани Ұлы екеніне айғақ және Құдай Әкенің Өзі Мәсіхке куәлік етті (5:37). Киелі жазбалар Мәсіх туралы куәлік етеді (5:39). Бірақ Құдайдың рухани Ұлына сенбейтін адамдар құтқарыла алмайды.

Мәсіхтің бес мыңнан астам адамды тамақтандыруы (6-тарау)

Өзінің соңынан ерген халық азықсыз қалғанда Құдайдың рухани Ұлы бес күлше нан мен екі балықты алып тамақтың осы мөлшерін адамдардың барлығына жеткілікті етті. Осындай кереметпен тойынғаннан кейін халық Исаның Пайғамбар екеніне көздері жетіп, Оны өздерінің Патшасы етпек болып шешті (6:14-15).

Егер Мәсіх осы әлемнің игілігін берер болса, көптеген адамдар осы күндері де Оның соңынан ерген болар еді. Алайда Мәсіх тек қана Өзіне шынайы сенім артқандарды ғана қабылдайды.

Содан кейін таңдалған шәкірттерінің көз алдында Иса көл бетімен жаяу жүрді (6:19). Құдайдың рухани Ұлынан өзге ешкім мұндай кереметті істей алмас еді. Оның халыққа арнаған сөздеріне құлақ салайық. Жалғыз Құдайдың рухани Ұлы ғана мәңгілік өмірді бере алады (6:35, 47). Кейбір яһудилер Одан өмір нанын сұрады (6:34), алайда Исаның ілімінің жанға батар сөздерін естігенде Одан бас тартты. Сонда Иса он екі шәкіртінен: «Сендердің де кеткілерің келе ме?» — деп сұрады. Бұған Петір: «Мәңгілік өмірге жеткізетін сөздер Сізде. Біз Сіздің Мәсіх — мәңгі Құдайдың рухани Ұлы екеніңізге сеніп, соған көзіміз

жетті», деп жауап берді. Мәсіхтің жекелеген сөздерін бірден түсіну қиын болса да, Оған сеніміңізді артыңыз, сонда мәңгілік өмірге ие боласыз.

БЕСІНШІ ТАРАУ

Тірі су және өмірдің Нұры

Сабақ жоспары:

1. Жохан жазған Ізгі хабардың 7-8 тарауларын оқыңыз.
2. Сабақтың материалын мұқият оқып шығыңыз.
3. №5 жұмыс дәптерінің сұрақтарына жауап беріңіз.

Мәсіх Өзінің Құдайдың рухани Ұлы екенін яһудилерге керемет белгілермен ашып білдірді. Алайда Оның айтқандарының бәрі бірдей адамдарға түсінікті бола бермеді, содан олар Мәсіхке сенім білдірмеді.

Мәсіх тірі суды береді (7-тарау)

Алғашқыда тіпті туған інілері Исаға сенбеді (7:5). Мәсіх олармен бірге шыбық күрке мейрамына барған жоқ. Ал Яһудеяға барған соң ол ғибадатханаға барып жұртқа тәлім берді (7:14). Иса былай деді: «Құдайдың еркін орындағысы келген әркім осы ілім Құдайдан ба, әлде Мен өз бетіммен сөйлеп тұрмын ба, соны білетін болады» (7:17). Бұл сөздер сіз бен біз үшін де маңызды. Біз шын мәнісінде де Құдайдың еркін біліп, соны орындағымыз келе ме?

Мейрамның соңғы күні Иса өмірдің тірі суына

мұқтаждардың барлығын Өзіне келуге шақырды: Кімнің жаны шөлдесе, сол Маған келіп, «ішсін»! Киелі жазбаларда бұл туралы мына тәрізді сөздер айтылған: «Кім Маған сенсе, оның жүрегінен өмір беретін «су» тасқындап ағады» (7:37-38). Шынайы бақыт Мәсіхсіз мүмкін емес. Егер сіз Оған сенсеңіз, онда осы бақытқа басқалардың қол жеткізуіне көмектесе аласыз.

Кейбір яһудилер Исаны пайғамбар және Мәсіх деп сенді, алайда парызшылдар Оны ұстап алуға сақшыларды жіберді. Исаның сөзін естіген сақшылар: «Бірде-бір адам Ол сияқты сөйлеген емес!» деп таңғалды (7:46). Сіз Оның сөздерін тыңдауды ұнатасыз ба? Құдайдың рухани Ұлына сенім артыңыз.

Иса дүние үшін Нұр (8-тарау)

Дін мұғалімдері мен парызшылдар Исаға неке адалдығын бұзып жатқан жерінде ұсталған бір әйелді алып келді. Мұндай күнәсі үшін әйел тас лақтырылып өлтірілуге тиіс еді. Ал Иса болса оны алып келгендерге: «Араларында кімде-кім күнәсіз болса, сол әйелге бірінші болып тас лақтырсын», деп ұсынды. Иса адамдарды соттау үшін емес, оларды құтқару үшін келді. Содан да Ол әйелге: «Бара бер, бұдан былай күнә жасаушы болма!» деп босатып жіберді.

Иса «Мен дүние үшін Нұрмын» деді. Шынайы Нұр бізге күнәларымызды көруге көмектесіп, көкке Құдай Патшалығына апаратын жолды ашады. Көкке күнәлар кешірілмей бару мүмкін емес. Мәсіх бізге күнәларымызды көрсетіп, олардан бізді құтқарады.

«Кім күнә жасаса, сол күнәнің құлы» (8:34). Біз өз күшімізбен күнә жасауымызды тоқтата алмаймыз.

Оны тоқтату үшін күшке ие болуымыз қажет. Мәсіх былай деген: «Егер сендер айтқандарымды естеріне сақтап, жүзеге асырсаңдар, шынымен Менің шәкіртім боласыңдар. Сонда ақиқатты біле түсесіңдер, ал ақиқат сендерді азаттыққа жеткізеді» (8:31-32). «Сонымен егер Құдайдың рухани Ұлы сендерді азаттыққа жеткізсе, шынымен азат боласыңдар» (8:36). Киелі жазбада бізге Өзінің рухани Ұлы жайлы Құдайдың шындығы ашылады. Барлық адамдар да күнәкарлар. Құдайдың рухани Ұлына сеніп, ақиқатты біліңіз. Сонда сіз азаттыққа ие боласыз.

АЛТЫНШЫ ТАРАУ

Соқыр болып туылған адам және ізгі Бағушы

Сабақ жоспары:

1. Жохан жазған Ізгі хабардың 9-11 тарауларын оқыңыз.
2. Сабақ материалын мұқият оқып шығыңыз.
3. №6 жұмыс дәптерінің сұрақтарына жауап беріңіз.

Алдыңғы тараулардан біз Мәсіх Исаның Құдайдың Сөзі, Құдайдың рухани Ұлы, Құдайдың құрбандық Тоқтысы және дүние үшін Нұр екенін білдік. 9-тарауда Ол соқыр болып туылған адамды сауықтырады.

Соқыр адамның көруі (9-тарау)

Соқыр болып туылған адам өмір бойы ештеңе көрмеді. Күнәкар Мәсіхтің даңқын көре алмайды. Құдайға

апаратын жол оған көрінбейді. Оған жарық қажет. Иса зағипты сауықтырғанда, оның достары мен көршілерінің арасында талас-тартыс туындады. Иса сауықтыруын діни демалыс күні істегендіктен (9:16, 24) олар Исаны күнәкар деп есептеді. Ал көзі ашылып көріп кеткен бұрынғы зағип адам оларға: «Құдайдан келмесе, осы Кісі ештеңе де істей алмас еді!» деп нық жауап берді (9:33). Мұнысы үшін яһудилер сол адамды ғибадатханадан қуып шықты.

Бұл туралы естігенде Иса сауыққан адамды тауып алып, оған Өзінің Құдайдың рухани Ұлы екенін ашып білдірді (9:35-37). Парызшылдар рухани соқыр күйлерінде қала берді (9:41).

Ізгі Бағушы қойлары үшін жанын қияды (10-тарау)

Иса Өзінің отарын жақсы бағып, қамқорлайтын ізгі Бағушы. Көптеген адамдар Оның қойларын ұрлап, құртқылары келеді (10:10, 12). Алайда ізгі Бағушы оларды аман-есен сақтайды. Мәсіх Иса «Мен ізгі Бағушымын»: ізгі Бағушы қойлары үшін жанын қияды» дейді (10:11). Біздің күнәларымыз үшін айқышта құрбан болды. Көктегі Әке Өзінің рухани Ұлын сүйеді, өйткені Ол біздің құтқарылуымыз үшін жанын қиды (10:17). Мәсіхте өз жанын қиюға, ал кейін қайта тірілуге күш-құдірет болды.

«Өз «қойларым» даусымды естіп, бағынады. Мен оларды жақсы білемін, олар Маған еріп жүреді» (10:27). Егер сіз Жохан жазған Ізгі хабардағы Оның даусын естіп, Оның соңынан ерсеңіз, онда сіз Құдайдың отарына ене аласыз. Сонда сізге мәңгілік өмір беріледі, ешкім сізді Көктегі Әкенің қолынан тартып ала алмайды (10:28-29). Мәсіх және Әке Екеуі біртұтас.

Яһудилер ізгі Бағушыға сенбеді. Бірақ көп адам Оның

соңынан ерді. Көптеген адам Мәсіхтің сөздерін естіді. Олар сол сөздерді қабылдап, құтқарылуда. Басқалар Мәсіхке сенгілері келмейді, сондықтан да олар мәңгілік өмірден құралақан қалуда.

ЖЕТІНШІ ТАРАУ

Елазар және Мәриям

Сабақ жоспары:

1. Жохан жазған Ізгі хабардың 11-12 тарауларын оқыңыз.
2. Сабақ материалын мұқият оқып шығыңыз.
3. №7 жұмыс дәптерінің сұрақтарына жауап беріңіз.

Құдайдың рухани Ұлы — ізгі Бағушы. Ол Өзінің даусын естіп, соңынан ерген қойлары үшін жанын қиды. Өзіне сенгендердің бәріне Мәсіх мәңгілік өмір сыйлайды.

Құдайдың рухани Ұлының өлген адамды қайта тірілтуі (11-тарау)

Апалы-сіңлілі Мәриям мен Марта Бетания қаласында тұратын. Олардың ағалары Елазар қатты ауырып, қайтыс болды (11:14). Мәриям мен Марта егер Иса жандарында болғанда Елазардың өлмей тірі қаларын білді (11:21, 32). Иса оларға: «Маған сенетін адам өлсе де, шынайы өмір сүретін болады», деп жауап берді (11:25).

Ал Өзі досының өліміне «іштей қатты қобалжып, қайғырып, толқып кетті» (11:33) және «көзіне жас алды» (11:35). Иса Елазардың мүрдесі қойылған үнгірдің

аузындағы тасты алып тастауға бұйырды. Содан кейін Құдайдың рухани Ұлы: «Елазар, шық!» деп қатты дауыспен бұйырды. Сонда марқұм адам қабірден шықты! Алайда басты діни қызметкерлер мен парызшылдар бұрынғысынша Мәсіхке сенбеді. Барлық адам да күнәкарлар. Олар өз күнәларында өлген және Құдаймен бірге өмір сүруден ада қалған. Тек жалғыз Құдайдың рухани Ұлы ғана сізге сол өмірді сыйлай алады. Барлық адамдардың Құдайдың сотының алдында тұратын күні де жетеді. Сонда құтқарылуға ие болу тым кеш болмақ. Ал қазір уақыт болып тұрғанда, адамдар асығуға тиіс. Құтқарылуға бүгін қол жеткізу қажет!

Иеміз Исаны Иерусалимде қуанышпен қарсылау (12-тарау)

Бауырлары Елазар қайта тірілгеннен Мәриям мен Марта бақытты еді. Олар Исаға арнап қонақасы берді. Мәриям өте құнды иісмайды алып, өзінің Иемізге деген сүйіспеншілігінің белгісі ретінде оны Исаның аяқтарына құйып, шашымен құрғатты. Мәриямның бұл әрекеті Яһудаға ұнамады (12:5). Ол ұры болатын.

Мұнан кейін Иса Иерусалимге аттанды. Яһудилердің көпшілігі қолдарына пальма бұтақтарын ұстап, Мәсіхті қала сыртына шығып қарсылап, қуанышпен мадақтап құрмет көрсетті (12:13). Халық арасында Иемізді көру үшін келген гректер де болды. Иса Өзінің адамдар үшін жанын қиятынын айтты. Құдай Оған көктен үн қатып, Исаның Өзінің рухани Ұлы екенін куәландырды (12:28).

Кейбір Мәсіхке сенім артқан адамдар парызшылдардың қаһарынан қорықты. «Себебі олар Құдай беретін құрметті емес, адамнан көретін құрметті көбірек ұнататын» (12:43). Алайда Құдай Өзінің рухани Ұлын осы дүниеге жіберді.

Иса былай деді: «Маған сенген кісі Өзіме ғана емес, Мені Жібергенге де сенеді» (12:44). Сіз Оған сенесіз бе?

СЕГІЗІНШІ ТАРАУ

Исаның шәкірттеріне тәлім беруі

Сабақ жоспары:

1. Жохан жазған Ізгі хабардың 13-14 тарауларын оқыңыз.
2. Сабақ материалын мұқият оқып шығыңыз.
3. №8 жұмыс дәптерінің сұрақтарына жауап беріңіз.

Құдайдың рухани Ұлына бәрі де белгілі. Ол Өзіне сенетін адамдардың жүректеріндегілерін көреді. Оған болашақ та аян болатын. Иса Құдайдың еркін білді және адамдарға Құдайдың ақиқат жолын үйретті.

Көкке қайта оралу (13-тарау)

Иса өзінің Құдайдан келіп, Оған қайтып баратынын білді (13:3). Бірақ Ол шәкірттеріне қызмет көрсеткісі келіп, олардың аяқтарын жуды.

Ол Өзінің қанымен біздерді күнәларымыздан жуып тазартты. 10-аятта Оған сенгендер таза делінген. Бұдан әрі Иса шәкірттеріне бір-біріңе қызмет көрсетуге тиіссіңдер дейді (13:15).

Құдайдың рухани Ұлы Өзін дұшпандарына ұстап беретінін білді. Опасыздық жасаушы шәкірттерінің бірі

Яһуда Исқариот еді. Жохан Иемізден сол сатқынның кім екенін айтуын сұрағанда, Иса оған: «Үзім нанды табақтағы тұздыққа батырып, кімге берсем, ол — сол кісі», деп жауап берді (13:26). Петір Иеміз үшін өзінің жанын қиюға дайын екенін айтты (13:37). Алайда аз уақыттан кейін-ақ, ол Исадан бас тартады.

Иса қайтып келеді (14-тарау)

Иеміз шәкірттеріне Өзінің жуырдағы өлімі туралы айтқанда, олар мұнайып қайғырды. Бірақ Ол шәкірттерін былай деп жұбатты: «Барып, дайындап болғаннан кейін қайтып келіп, Өзім болатын жерде сендерді де болсын деп қасыма алып кетемін» (14:3).

6-аяттан біз Исаның көктегі Әкеге апаратын жалғыз жол екенін оқимыз. Кейбіреулер адамды Құдайға өзге адамдар алып келе алады деп есептейді. Ал Иса: «Жол, шындық және шынайы өмір Менмін. Мен арқылы болмаса, ешкім де Әкеге бара алмайды», — дейді. Басқа жол жоқ. Мәсіх біздің күнәларымыз үшін өліп, көктегі Әкесіне қайта оралды. Ол Әкеден сенушілерге оларды жұбататын Киелі Рухты жіберуін өтінді. «Мен сендерге амандық пен тыныштықты сыйлаймын, Өзімнің тыныштығымды беремін» (14:27).

Құдайдың қаһары күнәкарларға төніп тұр. Егер сіз Мәсіхке сенім артсаңыз, Құдай күнәларымызды кешіреді. Сонда қорқыныш сейіліп, жүрегіңізге тыныштық орнайды. Мәсіхке келіңіз!

ТОҒЫЗЫНШЫ ТАРАУ

Шынайы жүзім сабағы

Сабақ жоспары:

1. Жохан жазған Ізгі хабардың 15-16 тарауларын оқыңыз.
2. Сабақ материалын оқып шығыңыз.
3. №9 жұмыс дәптерінің сұрақтарына жауап беріңіз.

Қалай таза болуға болады (15-тарау)

Иса барлық бұтақтарына өмір беретін жүзім сабағы іспетті. Алайда егер біз Мәсіхпен бірге болғымыз келсе, бізге тазару қажет. Күнә жүректерімізді ластайды, ал Құдай күнәні жек көреді. Құдайдың рухани Ұлының қасында болу үшін не істеу қажет?

3-аятта Иеміз біздің Құдайдың Сөзі арқылы тазара алатынымызды айтады. Жохан жазған Ізгі хабарда Мәсіх Құдай жайлы көп әңгімелейді. Иса Құдайдың Сөзі болып табылады (1-тарау). Біздің сабақтарымыз және Жохан жазған Ізгі хабар сізге Құдайдың Сөзін білуге көмектеседі және Ол сізді тазартады. Бұдан әрі 13-аятта Иса былай дейді: «Адамның достарына көрсететін ең зор сүйіспеншілігі олар үшін өмірін құрбан етуі». Досы үшін өмірін құрбан ету екінің бірінің қолынан келе бермейді. Ал Иеміз Иса Өзін жек көретіндер үшін жанын пида етті. Бұл сүйіспеншілік адами сүйіспеншіліктің барлығынан да жоғары.

Алайда бұған қарамастан кейбір адамдар әлі де Құдайды жек көріп Оның рухани Ұлына қарсы бас көтереді. Егер

сіз Мәсіхтен бас тартқан болсаңыз, онда сіздің Құдайдан да бас тартқаныңыз. Құдайдың рухани Ұлы Мәсіх - Оған апаратын жалғыз жол.

Исаның шәкіртеріне тәлім беруі (16-тарау)

Киелі Рух Мәсіхке сенушілерді қамқорлайды (16:7). Ол осы дүниенің күнәсін әшкерелейді (16:8). Егер сіз өзіңзді күнәкармын деп мойындасаңыз, тәубаға келіп, Мәсіхті жүрегiңізге қабылдаңыз.

Әкесі Өзіндегінің бәрін рухани Ұлына табыстаған (16:15). Құдайдың Өзінің рухани Ұлына деген сүйіспеншілігі осыдан көрінеді. Сондықтан да Мәсіхті қабылдағанда, біз Құдайды да қабылдаймыз. Ал Мәсіхтен бас тартқанда біз Құдайдан да бас тартамыз. «Мен Әкеден жерге келдім, кейін жерді тастап, Әкеге қайта ораламын», дейді Иса 28-аятта. Ол Құдайдың жалғыз рухани Ұлы, әлемнің жалғыз Құтқарушысы. Шәкірттері Мәсіхке сенді. Олар Оған былай деген: «Құдайдан келгеніңізге сенеміз» (16:30).

Ал сіз өзіңіз сенесіз бе?

ОНЫНШЫ ТАРАУ

Мәсіхтің шәкірттері үшін мінажат етуі

Сабақ жоспары:

1. Жохан жазған Ізгі хабардың 17-тарауын оқыңыз.
2. Сабақ материалын мұқият оқып шығыңыз.

3. №10 жұмыс дәптерінің сұрақтарына жауап беріңіз.

Біз бұл тараудан Исаның Өзінің Әкесіне мінажат еткенін естиміз(17:11).

Біз үшін Мәсіх не істеді (17:1-8)

Бізге мәңгілік өмір сыйлауы үшін Құдай күллі адамзаттың билігін Өзінің рухани Ұлының қолына тапсырды (17:2). Бұл билік тек Оған ғана берілген. Тек Мәсіх қана мәңгілік өмірді сыйлайды. Мәңгілік өмір дегеніміз жалғыз шынайы Құдайды және Ол жерге жіберген Мәсіх Иса жақыннан тану (17:3). Бізге өмір берсін деп Құдай Өзінің рухани Ұлы Мәсіхті жерге жіберді. Құдайды және Мәсіх Иса жақыннан тану, міне, осы мәңгілік өмір. Сіз Құдайды бүгін Оның Сөзі арқылы жақыннан тани аласыз, сонда мәңгілік өмірді иемденесіз. Алайда бізге өмір беру үшін Мәсіх Өзінің өмірін қиды. Құдай күнәнің төлемі өлім деген. Біз өзімізді құтқара алмаймыз. Біз үшін оны Мәсіх орындады (17:4). Құдай мұны біздің құтқарылуымыз үшін Мәсіхке тапсырды. Мәсіх Құдайдың Өзіне тапсырған хабарын бізге жеткізді (17:8). Ол Құдайдың Сөзі, Ол осы дүниеге Құдайдың сүйіспеншілігі жайлы айту үшін келді. Шәкірттері Құдайдың Сөзін қабылдап, Исаның көктегі Әкеден келгеніне сенді.

Мәсіх біз үшін бүгін не істеуде (17:9-21)

Иса біздің күнәларымыз үшін өліп, содан кейін қайта тірілді. Ол Өзінің көктегі Әкесіне қайта оралды. Ол қазір Құдайдың оң жағындағы құрметті орында отыр. Қазір Ол не істеп жатыр? Жұмысын бітіргеннен кейін, адам демалады. Алайда Құдайдың рухани Ұлы қазір біз үшін мінажат етуде (17:9). Ол ешқашан шаршамайды. Иса Өзін қабылдағандар үшін күндіз-түні мінажат етуде. Ол

адамдардың ең жақсы Қорғаушысы. Мәсіхтің бізді қатты сүйгені сонша, біздің күнәларымыз үшін өмірін қиды. Ол бізді Құдайға қайтарады. Ол біз үшін ұдайы мінажат етуде.

Мәсіх біз үшін не істейді (17:22-26)

Мәсіх бізді сүйеді, Ол біз үшін Өзінің өмірін құрбан етті. Әрине, Ол біздің Өзімен бірге Құдай Патшалығында болғанымызды қалайды. 24-аятта Иса Әкесіне былай деп мінажат етеді: «Әке, Маған тапсырған адамдарыңның Өзім болатын жерде болуларын қалаймын» дейді. Мәсіх барлық сенушілерді Өзінің жанынан көргеніне бақытты болмақ. Ол біз үшін қайтып келеді. Мүмкін, тіпті, жуырда шығар. Алайда Ол сол кезде Өзін Құтқарушым деп қабылдамағандардың бәрін соттайтын болады. Оны қазір қабылдаңыз.

ОН БІРІНШІ ТАРАУ

Исаның азапты өлімі

Сабақ жоспары:

1. Жохан жазған Ізгі хабардың 18-19 тарауларын оқыңыз.
2. Сабақтың материалын мұқият оқып шығыңыз.
3. №11 жұмыс дәптерінің сұрақтарына жауап беріңіз.

Бұл сабақ бізді Иеміз Мәсіх Исаның құрбандық өліміне әкеледі. Сізді Құдайдың рухани Ұлының өлуге тиіс болғаны таңғалдыратын шығар. Біз Сөздің Адамға айналғанын біліп алдық. Адам кейпіндегі Мәсіх

адамдардың күнәсі үшін құрбан болды.

Иса бас діни қызметкерлердің алдында (18:1-27)

Шәкірттері үшін мінажат еткеннен кейін Иса тағы да мінажат ету үшін баққа барды. Яһуда бас діни қызметкерге Мәсіхті ұстап беруге уәде беріп қойған еді. Мәсіх Өзін қорғаған жоқ. Ол жасақшыларға бойсұнып оларға еріп жүре берді. Бас діни қызметкер Исаны жауаптап жатқанда Петірді байқап қалған бір адам одан: «Сен де осы Кісінің бір шәкірті емессің бе?» деп сұрады. Алайда қорыққаннан дірілдеген Петір Оны ешқашан білген емеспін деп мойындамады (18:17, 25). Кейін осы істегендеріне ол қатты өкінді.

Мәсіх Пилат алдында (18:28-19:6)

Яһудиліктер Исаны өлтіргілері келді. Алайда олардың бұған билігі жоқ болатын. Сонда олар Исаны сол өңірдің әміршісі Пилатқа алып келді. Әмірші Исаның ешқандай қылмыс істемегенін біліп, Оны босатып жібермек болды. Алайда халық Оның өлтірілуін талап етті. Исаның орнына бүлікшіл қылмыскер Бараббаны босатып жіберуін өтінді (18:40). Пилат Исаға дүре соғуды бұйырды, содан кейін жасақшылар Оның басына тікенді бұтақшалардан тәж өріп кигізді (19:1-20). Халық сонда да Мәсіхті айқышқа шегелеуді талап етті.

Айқыштағы өлім (19:17-42)

Жасақшылар Исаны қаланың сыртына алып барып, аяқ-қолын айқышқа керіп шегелеп, көтеріп қойды. Айқыш ағашта жан тәсілім етіп жатқанның өзінде Иса момын да ілтипатты әрі адамдарға қайырымды болды. Көрген азаптарының соңында Ол: «Енді түгел орындалды!» деп

жан тәсілім етті (19:30). Жасақшылардың біреуі Исаның бүйіріне найзасын сұғып алды. ...

Бұдан кейін ариматеялық Жүсіп деген кісі барып Иеміздің сүйегін айқыштан түсіріп алып, сол маңайдағы бір бақтағы бос қабірдің ішіне апарып қойды.

Сонымен Яһуда Исаға опасыздық жасады, яһудилер Оны өлтірмек болды, ал Пилат үкім шығарды. Алайда Иеміз Исаны сүйгендер де болды. Ал сіз қай жақтасыз?

ОН ЕКІНШІ ТАРАУ

Иса қайта тірілді!

Сабақ жоспары:

1. Жохан жазған Ізгі хабардың 20-21 тарауларын оқыңыз.
2. Сабақ материалын мұқият оқып шығыңыз.
3. №12 жұмыс дәптерінің сұрақтарына жауап беріп, тексеру дәптерін көрсетілген мекенжайға салып жіберіңіз.

Құдайдың Сөзі Адамға айналып, адамдар арасында тұрды. Иеміз адамдарға Құдайдың сүйіспеншілігін көрсетті, алайда адамдар Одан бас тартты. Ол сотталып өлімге кесілді. Иса өлді, бірақ Құдай Оны қайта тірілтті.

Мәриямның Иемізді көруі (20:1-18)

Таңертең ертемен Мәриям Мәсіхтің қабіріне барды. Ол қабір аузын бекіткен қақпақ тастың алынып тасталғанын

көрдi. Петiр мен Жохан қабiр iшiне кiрдi. Олар да Исаның мәйтiнiң жоқ боп кеткенiн көрдi. Мәриям үнгiрдiң алдында жылап тұрды. Иса өзiне тiл қатқанда, Мәриям Оны таныды (20:16). Мәсiх өз «қойларым» даусымды естiп, бағынады деген (10:27). Мәриям Оның «қойларының» бiреуi болатын және қайта тiрiлген Иемiздi алғашқы болып көрген де сол едi.

Иемiздiң шәкiрттерiне көрiнуi (20:19-31)

Кейiнiрек шәкiрттер бiрге жиналып, есiктердi iшiнен бекiтiп алды. Кенеттен кiрiп келген Иса, орталарына тұра қалып: «Сендерге амандық пен тыныштық болсын!» деп батасын бердi, барлығы да бақытқа кенелдi. Сол күнi Тома шәкiрттердiң арасында жоқ болатын, ол бұл туралы естiгенде, Исаның қайта тiрiлгенiне сенген жоқ. Алайда бiрнеше күннен кейiн, Иемiздiң тағы да келiп, олардың ортасында тұра қалғанда, Тома Оған «Ием менiң, Құдайым менiң!» деп мойынсұнды (20:28).

Шәкiрттердiң балық аулауы (21-тарау)

Мұнан кейiн шәкiрттер балық аулауға барды, алайда түнi бойы аулағанмен түк те ұстаған жоқ. Таң сәрiде олар жағалауда, жағылған оттың жанында отырған Исаны көрдi. Ол шәкiрттерiне ауды қайықтың басқа жағына салуға бұйырды, ендi балық ауға көптеп түстi. Сонда шәкiрттерi алдарында тұрған Иемiз Иса екенiн ұқты. Бұдан соң Иемiз Петiрден Өзiн жақсы көретiнiн сұрап, оған Құдайдың қойларын бағуды тапсырды (21:15-17). Бұл кiтапта жазылмаған тағы да көптеген нәрселер туралы Иса шәкiрттерiне айтып бердi... Сiз Жоханның осы Iзгi хабарда айтқандарына сене аласыз (21:24). Егер Құдайдың рухани Ұлы Мәсiх Исаға сенiмiңiздi артсаңыз, сiз құтқарылатын баласыз.

Жохан жазған Ізгі хабардың керемет аят жолдары

Жохан жазған Ізгі хабарда көптеген керемет аяттар бар. 1:12 аятта былай делінген: «Бірақ Оны қабылдап, Оған сенім артқандардың бәрін Ол Құдайдың рухани балалары болуға құқықты етті». Адамдардың ешқайсысы да сізді Құдайдың рухани баласы ете алмайды, ал Мәсіхті жүрегіңізге қабылдасаңыз Құдайдың рухани баласына айналасыз. 3:16 аят осы жазбаның керемет аяттарының біреуі: «Өйткені Құдай адамзатты сондай қатты сүйгендіктен, Өзінің жалғыз рухани Ұлын құрбандыққа берді. Енді Оған сенуші әркім жаны тозаққа түспей, мәңгілік өмірге ие болады». Осы тараудың 36-аятынан біз Құдайдың рухани Ұлына сенбейтіндердің шынайы өмірді көрмей, Құдайдың төніп тұрған қаһарына ұшырайтынын білеміз. Тағы бір керемет аят 5:24: «..кімде-кім сөздеріме құлақ асып, Мені Жібергенге сенсе, сол мәңгілік өмірге ие. Ол қиямет сотына тартылмайды, керісінше, рухани өлімнен шынайы өмірге өтті». Мұны сіз туралы айтуға бола ма? 6:35 аятта Иса былай дейді: «Шынайы өмір сыйлайтын «нан» Менмін. Маған келгендер рухани нәрден тарықпайды, Маған сенгендер ешқашан шөлдемейтін болады!» 8:12 аяттағы Оның сөздері мынау: «Мен дүние үшін Нұрмын. Маған ерген кісі енді түнекте жүрмей, шынайы өмірдің Нұрына ие болады». 10:11 аяттан былай деп оқимыз: «Мен «ізгі Бағушымын»: ізгі Бағушы қойлары үшін жанын қияды. Ол сіз үшін де жанын қиды, егер Оның соңынан ерсеңіз, Мәсіх сізді өміріңіздің соңына дейін қорғап-қамқорлап жүретін болады. 11:25 аяттың керемет жолдары бізге Иеміздің мына сөздерін жеткізеді: «Қайта тірілу мен шынайы өмір — Менмін. Маған сенетін адам өлсе де, шынайы өмір сүретін болады». Сіздің Құтқарушыңыз Иса, Құдайдың рухани Ұлы, Құдайдың Сөзі қандай рақымды десеңізші!» Ол сіздің де Құтқарушыңыз ба? Ол сіздің күнәларыңыз

үшін айқышта өмірін құрбан етті. Егер сіз сеніміңізді Құдайдың рухани Ұлына артсаңыз, Құдай барлығын да кешіреді.

